



6D011700 – Qazaq tili men ädebiyeti boyinşa filosofiya doktorı (PhD) därejesin
aluw üçin dayindalğan, Merüwert Imanqulova (Меруерт Амантайқызы
Иманқұлова)niň

“Qazaq til bilimindegى tanim teoriyasınıň گىlimiy-ädistemelik negizderi (A. Baytursinuli,
Q. Jubanov, S. Amanjolov zerttewleri boyinşa)”
atti dissertatsiyaşa şeteldik گىlimiy keñessiniň

SIN-PIKIRI

Sin-pikir jazuw üçin mağan jiberilgen dissertatsiya kirispeden, eki negizgi tarawdan, qoritindidan jâne paydalamlıgan ädebiyetter tiziminen turadı. Dissertatsiyanıň qurılımı jaqsı, şamamen 8 bet kirispe, 4 bet qoritındı, 138 paydalanalıgan ädebiyetter tizimi, qalğanı – Baytursinuli sözimen aytqanda – mazmundama bolıp tabıladi. Dissertatsiyanıň soňına birneše sızba da qosılğan. Zerttewdiň özektılıgine qosılamın. Zerttelip oturğan üş tulğanıň är birewi dissertatsiyaşa layıq. Üşewi de qazaq til tanımınıň algaşsı, ülken tulğaları, al Baytursinulunuň qurultayşı bolğamı anıq. Dissertatsiyanıň nisanı, Baytursinuli, Jubanov, Amanjolov eñbekteri boyinşa tanım teoriyası jâne onıň ädisnamalıq negizi dep körsetilgen. Bul maqsattıň maňızdılığı da talassız. Degenmen, oyımsa avtor “teoriya” degen termindi asa köp qoldanıp otır. Kognitivtik lingvistika, belgili şekteri bolsa da, til tanımınıň egde jasar salası. Onıň eñ damığan tarmaqtarı leksikologiya, semantika, jeke tulğanıň ne qoǵamdıqtıň tujırımdamalıq (kontseptualizatsiya) jolimen til qoldanıp aňgaruwi, älemniň tildik beynesi. Qazaq til bilimindegى tanim teoriyasınıň ädisnamalıq negizderi attı birinşı taraw eñbektiň 60 betin aladı. Osı tarawda avtor Baytursinuli, Jubanov, Amanjolovtıň eñbekterine negizdelgen taldaw usınıp otır. M. Imanqulova talqlanıp otırğan tiltanuwşılardı öte jaqsı biledi, olardıň eñbekterinen jiyi-jiyi misal berip tujırım jasaydı. Tek eñbekterin emes, olar tuwralı jazılğan ondağan kitap pen maqalalardı suriptap saralaydı. Bizdiň oyımızşa eñ jaqsı baǵalaw A. Baytursinuluna tiyisti (atap aytqanda, 52 b.). Baytursinulunuň tanımdıq körsetetin terminderi, mis. til-qural (tildi quralğa teñewi), bastawısti qaziqpen tüsindirilüwi, öte orındı. Dissertatsiya avtorınıň

osını körsetip baǵalawı tiyimdi. Jubanovqa baylanıstı baǵalawda keybir tustarda oyımız säykes kelmeydi. Jubanovtıñ teoriyalıq közqarastarı öte qızıq, qazaqstandıq til tanımda jańaşıl bolsa da, keybir oylarım en kelise almaymız. Onıñ eñ jönsiz jaǵı etimologiya. Atap aytqanda, abız degen sözdi qobızdan şıgaruwı (32 b.) tügelimen negizsis, qate. Sıbıspen bir tuǵırǵa keltirüwi de durıs emes. Bir maqalamda Jubanulını joǵarı baǵalap onıñ teoriyalıq qatelerine toqtaldım (Jankowski 2014: 138, 139; 145). Jubanulınıñ qateleri onıñ ideologiyalıq ustanımlına baylanıstı, jas kommunist batıstı “burjuaziyalıq” ǵılımdi sınap Marrǵa asa qattı süyenip, Marrdıñ spekulativlik olqılıqtarın mensigen. Amanjolovtıñ keybir etimologiyaları da eñ azında öte küdiki, mis. asaldı (35 b.) Ökinişke oray, dissertatsiya avtorı bularǵa sıny közben qaramaǵan. Amonjolovtıñ ruw men ult tili közqarastarına keletin bolsaq, dissertatsiyaniñ avtorı mınalardı tolıq qabıldaǵan sıyaqtı, mis. “S. Amanjolovtıñ dialektologiyaǵa qatıstı eñbekteri taypa tili, haliq tili, ult tili negizinde zerttelingendikten etnöstüñ jäne onıñ tiliniñ erekşelikterin ayqınday otırıp, qazaq etnolingvistikasınıñ qalıptasıp damuwına ıqpal etti” (34 b.). Al Amanjolovtıñ dialektilerdi ruwtaypa tilderimen baylanıstırıwu kezinde sıňılar tarapinan negizsiz dep aytıldı. Amanjolovqa Sauranbayevpen Saribayev (1958: 12–13) qarsı şıqtı, bizdiñ oyımızşa Sawranbayevpen Sarıbayevtiki durıs. Sol ǵalımdar arasında birazǵa sozilǵan pikir-talas boldı. Bul da durıs, keyde Amanjolov ta Sawranbayevti orındı sınaǵan (mis. Amanjolov 1959: 159). Jalpi alganda, sınsız, talassız ǵılım joq. Sol kezde köp mäselege baylanıstı bolǵan, qazaq ǵalımdar arasında oy ayırmaşılıǵı paydalı, oñ üderis edi. Äriyne, Jubanulınıñ quwdalanǵan Baytursınlıń sıńǵa aluwı bölek bir äñgime. Qazaq til bilimindegı tanım teoriyasınıñ ädistemelik negizderi attı ekinsı taraw zerttewdiñ 63 betin qurayıdı. Bul tarawda avtor tanımdıq baǵıttıñ psihologiyalıq, pedakogikalıq tustarın taldayıdı. Baytursınlı ulttıq til men sana-sezimde körinis bergen qazaqı taldaw negizderi, Jubanovtıñ teoriyalıq zerektılıgi, Amanjolovtıñ qazaq dialektileriniñ tüpkilikti tüsinip bilüwi, sonımen birge mıqtı ädisnamalıq zerttew men oqıtuw negizderin qalawın dissertatsiyaniñ avtorı jan-jaqtı körsetip talqıǵa aladı. Tanım teoriyasın oqıtuwda qoldanılatın jańa tehnologilalarǵa män beredi, bulardı öz jumısında da beyimdegen.



ADAM MICKIEWICZ UNIVERSITY IN POZNAŃ

Faculty of Modern Languages and Literatures

Department of Asian Studies

Baytursınulınıň oqıtuvşı täjiribesi belgili, sol mäselege avtor köp nazar awdaradı. 112 t.b. betterinde taldanğan Jubanulınıň 1936 jılıǵı grammaticası (mına gramamtikanı jariqqa şıgarğan kezde Jubanov emes, Qudaybergen Jubanulı “Çuban ulъ” tegin qoldanğan), öte qızıq bir eñbek, dissertatsiya avtorınıň baǵalawı durıs. Burın da Simon men Kaplannıň “Foundations of cognitive science” jäne Pylyshynnıň “Computing in cognitive science” attı maqalalarına köňil buradı. M. Imanqulova kognitivtik lingvistikaniň bas arnasınan tis özge baǵittarǵa da silteme jasaydı, mis. Polşanıň lublindik mektebi (Zinkenniň tanıstırıwu boyınşa) jäne Reseydegi lingvokulturologiya. Reseylik baǵıt (barlıq Reseydegi ǵılımdar sıyaqtı) qazaqstandaǵı zerttelüwlerge äser etti, täsilder bılay tursın, terminniň özi de yaǵniy “lingvomädeniyettanım” dep qazaqşalanğan. Eñbektiň ayaǵında avtor ötkizilgen eksperimentti tanıtqan. Endi dissertatsiyaniň keybir kemşilikterine üñlip köreyik. Birinşiden, kognitivtik lingvistikaniň negizgi tilinde, demek aǵılışınşa jariyalanǵan zerttewler az qoldanlıǵan. Langacker men Lakoff sıyaqtı negizin saluwşılardıň attarı atalsa da, avtor bulardan paydalanbaǵan. Talmy men Wierzbicka sindı özge alpawıttar mülde joq. Eñ köp qoldanlıǵan zerttewler qazaq tiltanuwşılarnıň kitaptarı men maqalaları. Äriyne, Baytursınuli, Jubanov, Amanjolov tuwralı jazgandar arasında bir eki şeteldikten basqasınıň barlığı qazaq. Alayda kognitivtik lingvistik Amerikada körinis tawıp eñ qarqındı anda damığan. Jas ǵalimǵa taǵı bir eskertpem bar, kez kelgen ulttuň sana-seziminde, tilinde özge, körşi ulttardıň ıqpalı da bolatını belgili. Etnoözektı baǵıt qoldawşıları da munı umıtpawı kerek. Dissertatsiyada asa köp qaytalaw bar, mis. “qazaq til biliminiň negizin saluwşı”, “til men tanım sabaqtastığı”, bular ondaǵan ret qaytalana bergen. Soňğı bir mäsele, dissertatsiya avtorına emes, dissertatsiya talaptarına qatıstı bolmaq. Qazaqstandıq tiltanuw ǵılımı haliqaralıq standarttarǵa say boluwǵa talpinadı dep aytilıp jürse de, dissertatsiyalardıň mäneri, stildik şarttarı tereň keňestik jüyede qalǵan. Bilüwimše, tek ekinşı sort reseylik ǵalımdar men satelittik memleketter osı stildi jalǵastırıp jür. Tipti zamanawiy reseylik türkologiya bulardan äldeqaşan qol üzgen, qar. Российская тюркология / Russian Turkology (ISSN 2079-9160). Bul jornalda maqala

Al. Niepodległości 24, 61-714 Poznań
NIP 777 00 06 350, REGON 000001293
tel. +48 61 829 39 20, fax. +48 61 861 39 29
azjatystyka@amu.edu.pl

azjatystyka.amu.edu.pl



ADAM MICKIEWICZ UNIVERSITY IN POZNAŃ

Faculty of Modern Languages and Literatures
Department of Asian Studies

qurılımı men pişini de, ädebiyetter tizimi de, siltemeler de ultaralıq standartтарға köşken.
Nege qazaqstandıq ғılım sovyettik mänerge sonşa ғaşıq?

Qoritındılap aytqanda, keybir kemşilikterge qaramastan usınılıp otırğan disserratsiyada qazaqstandıq ғılımıy standarttar men talaptar jetkilikti saqtalğan. Oypikirimizše, ғılımıy jumısqa qoyılatın şarttar orındalğan. Tili men stili anıq, mazmunı tiyanaqtı. Tanımdıq bağıtqa jaňa üles qosılğan. Sondıqtan M. Imanqulovaniň disserratsiyalıq eñbegin qorǵawğa tolıq usınuwğa boladı dep esepteymiz.

Ädebiyetter

Аманжолов, С. А. 1959. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Наука.

Jankowski, Henryk. 2015. Kazakh linguistics in Kazakhstan: An outline. *Turkic Languages* 18, 127–158.

Сауранбаев, Н. Т., III. III. Сарыбаев. 1958. К изучению казахских диалектов: Сауранбаев, Н. Т. (red.). 1958, 5–16.

Poznan qalası, Polşa

Prof. Dr. Henryk Jankowski

Prof. Dr. Henryk Jankowski

Henryk Jankowski
Head of Section of Turkic,
Mongolian and Korean Studies

Head of the Section of Turkic, Mongolian and Korean Studies

Al. Niepodległości 24, 61-714 Poznań
NIP 777 00 06 350, REGON 000001293
tel. +48 61 829 39 20, fax. +48 61 861 39 29
azjatystyka@amu.edu.pl

**6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша философия докоры
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Меруерт Иманқұлова**
**Амантайқызының «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-
әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов,
С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» атты диссертацияға
шетелдік ғылыми кеңесшінің**

СЫН-ШКІРІ

Сын-шкірі жазу үшін маган жіберілген диссертация кіріспеден, екі негізгі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның құрылымы жақсы, шамамен 8 бет кіріспе, 4 бет корытынды, 138 пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қалғаны – Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда – мазмұндама болып табылады. Диссертацияның сонына бірнеше сыйза да қосылған.

Зерттеудің өзектілігіне қосыламын. Зерттеліп отырған үш тұлғаның әр біреуі диссертацияға лайық. Үшеуі де қазақ тіл танымының алғашқы, үлкен тұлғалары, ал Байтұрсынұлы құрылтайшы болғаны анық. Диссертацияның нысаны, Байтұрсынұлы, Жұбанов, Аманжолов еңбектері бойынша таным және оның әдіснамалық негізі деп көрсетілген. Бұл мақсаттың маңыздылығы да талассыз. Дегенмен, ойымша автор «теория» деген терминді аса көп қолданып отыр. Когнитивтік лингвистика, белгілі шектері бар болса да, тіл танымның егде жасар саласы. Оның ең дамыған тармақтары лексикология, семантика, жеке тұлғаның не қоғамдықтың тұжырымдамалық (концептуализация) жолымен тіл қолданып аңғаруы, әлемнің тілдік бейнесі.

Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының әдіснамалық негіздері атты бірінші тарау еңбектің 60 бетін алады. Осы тарауда автор Байтұрсынұлы, Жұбанов, Аманжоловтың еңбектеріне негізделген талдау ұсынып отыр. М.Иманқұлова талданып отырған тілтанушыларды өте жақсы біледі, олардың еңбектерінен жиі-жиі мысал беріп тұжырым жасайды. Тек еңбектерін емес, олар туралы жазылған ондаған кітап пен мақалаларды сұрыптап саралайды. Біздің ойымызша ең жақсы бағалау Байтұрсынұлына тиісті (атап айтқанда, 52 б.). Байтұрсынұлының танымдық көрсететін терминдері, мыс. тіл-құрал (тілді құралға теңеуі), бастауышты қазықпен түсіндіруі, өте орынды. Диссертация авторының осыны көрсетіп бағалауы тиімді.

Жұбановқа байланысты бағалауда кейбір тұстарда ойымыз сәйкес келмейді. Жұбановтың теориялық көзқарастары өте қызық, қазақстандық тіл танымда жаңашыл болса да, кейбір ойларымен келісе алмаймыз. Оның ең жөнсіз жағы этимология. Атап айтқанда, абыз деген сөзді қобыздан шығаруы (32 б.) түгелімен негіzsіz, қате. Сыбыспен бір тұғырға келтіруі де дұрыс емес. Бір мақаламда Жұбанұлын жоғары бағалап оның теориялық қателеріне тоқталдым (Янковски 2014:138,139,145). Жұбанұлының қателері оның идеологиялық ұстанымына байланысты, жас коммунист батысты «буржуазиялық» ғылымға сынап Маррға аса қатты сүйеніп, Маррдың спектуаливтік олқылықтарын менсіген.

Аманжоловтың кейбір этимологиялары да ең азында өте күдікті, мыс. асадалы (35 б.). Өкінішке орай, диссертация авторы бұларға сынни көзбен қарамаған. Аманжоловтың ру мен ұлт тілі көзқарастарына келетін болсақ, диссертацияның авторы мыналарды толық қабылдаған сиякты, мыс. «С.Аманжоловтың диалектологияға қатысты еңбектері тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі негізінде зерттелгендіктен этностиң және оның тілінің ерекшеліктерін айқындай отырып, казақ этнолингвистикасының қалыптасып дамуына ықпал етті» (34 б.). Ал Аманжоловтың диалектілерді ру-тайпа тілдерімен байланыстыруы кезінде сыншылар тарапынан негіzsіз деп айттылды. Аманжоловқа Сауранбаев пен Сарыбаев (1958: 12 – 13) қарсы шыкты, біздің ойымызша Сауранбаев пен Сарыбаевтың дұрыс. Сол ғалымдар арасында біразға созылған пікір-талас болды. Бұл да дұрыс, кейде Аманжолов та Сауранбаевты орынды сынаған (мыс. Аманжолов 1959:159). Жалпы алғанда, сынсыз, талассыз ғылым жоқ. Сол кезде көп мәселеге байланысты болған қазақ ғалымдар арасындағы ой айырмашылығы пайдалы, оң үдеріс еді. Әрине, Жұбанұлының қудаланған Байтұрсынұлын сынға алуы бөлек бір әнгіме.

Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының әдістемелік негіздері атты екінші тарау зерттеудің 63 бетін құрайды. Бұл тарауда автор танымдық бағыттың психологиялық, педагогикалық тұстарын талдайды. Байтұрсынұлы ұлттық тіл мен сана-сезімде көрініс берген қазакы талдау негіздері, Жұбановтың теориялық зеректілігі, Аманжоловтың қазақ диалектілерінің түпкілікті түсініп білуі, сонымен бірге мықты әдіснамалық зерттеу мен оқыту негіздерін қалауын диссертацияның авторы жан-жақты көрсетіп талқыға алады.

Таным теориясын оқытуда қолданылатын жаңа технологияларға мән береді, бұларды өз жұмысында да бейімдеген. Байтұрсынұлының оқытушы тәжірибесі белгілі, сол мәселеге автор көп назар аударады. 112 т.б. беттерінде талданған Жұбанұлының 1936 жылғы грамматикасы (мына грамматиканы жарыққа шығарған кезде Жұбанов емес, Құдайберген Жұбанұлы “Çuban uels” тегін қолданған), өте қызық бір еңбек, диссертация авторының бағалауы дұрыс.

Бұрын да Саймон (Simon) мен Капланның (Kaplan) “Foundations of cognitive science” және Пилишинның (Pylyshyn) “Computing in cognitive science” атты мақалаларына көніл бұрады.

М.Иманқұлова когнитивтік лингвистиканың бас арнасынан тыс өзге бағыттарға да сілтеме жасайды, мыс. Польшаның люблиндік мектебі (Зинкеннің таныстыруы бойынша) және Ресейдегі лингвокультурология. Ресейлік бағыт (барлық Ресейдегі ғылымдар сиякты) Казақстандағы зерттеулерге әсер етті, тәсілдер былай тұрсын, терминнің өзі де яғни «лингвомәдениеттанным» деп қазақшаланған.

Еңбектің аяғында өткізілген экспериментті танытқан.

Енді диссертацияның кейбір кемшіліктеріне үніліп көрейік. Біріншіден, когнитивтік лингвистиканың негізгі тілінде, демек ағылшынша жарияланған

зерттеулер аз қолданылған. Лангакер (Langacker) мен Лакофф (Lakoff) сияқты негізін салушылардың аттары аталса да, автор бұлардан пайдаланбаған. Талми (Talmy) мен Вежбицка (Wierzbicka) сынды өзге алпауыттар мүлде жоқ. Ең көп қолданылған зерттеулер қазак тілтанушыларының кітаптары мен мақалалары. Әрине, Байтұрсынұлы, Жұбанов, Аманжолов туралы жазғандар арасында бір екі шетелдіктен басқасының барлығы қазақ. Алайда когнитивтік лингвистика Америкада көрініс тауып ең қарқынды сонда дамыған. Жас ғалымға тағы бір ескертпем бар, кез келген ұлттың сана-сезімінде, тілінде өзге ұлттардың ықпалы да болатыны белгілі. Этноөзекті бағыт қолдаушылары да мұны ұмытпауы керек.

Диссертацияда аса көп қайталау бар, мыс. «қазақ тіл білімінің негізін салушы», «тіл мен таным сабактастығы», бұлар ондаған рет қайталана берген.

Соңғы бір мәселе, диссертация авторына емес, диссертация талаптарына қатысты болмақ. Қазақстандық тілтану ғылымы халықаралық стандарттарға сай болады деп айтылып жүрсе де, диссертациялардың мәнері, стильдік шарттары терең кеңестік жүйеде қалған. Білуімше, тек екінші сорт ресейлік ғалымдар мен сателіттік (satellitik) мемлекеттер осы стильді жалғастырып жүр. Тіпті заманауи ресейлік түркология бұлардан әлдеқашан қол үзген, қар. Российская тюркология/ Russian Turkology (ISSN 2079-9160). Бұл журналда мақала құрылымы мен пішіні де, әдебиеттер тізімі де, сілтемелер де ұлтаралық стандарттарға көшкен. Неге қазақстандық ғылым советтік мәнерге сонша ғашық?

Қорытындылап айтқанда, кейбір кемшиліктерге қарамастан ұсынылып отырған диссертацияда қазақстандық ғылыми стандарттар мен талаптар жеткілікті сақталған. Ой-пікірімше, ғылыми жұмысқа қойылатын шарттар орындалған. Тілі мен стилі анық, мазмұны тиянақты. Танымдық бағытқа жаңа үлес қосылған. Сондықтан М.Иманқұлованың диссертациялық еңбегін қорғауға толық ұсынуға болады деп есептейміз.

Әдебиеттер

Аманжолов, С. А. 1959. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Наука.

Jankowski, Henryk. 2015. Kazakh linguistics in Kazakhstan: An outline. Turkic Languages 18, 127–158.

Сауранбаев, Н. Т., Ш. Ш. Сарыбаев. 1958. К изучению казахских диалектов: Сауранбаев, Н. Т. (red.). 1958, 5–16. Познань қаласы, Польша.

Доктор, профессор Хенрук Янковски

/подпись, печать/

Түркітану және корей, монғол тілдері бөлімінің бастығы

Республика Казахстан.

Пятое ноября две тысячи шестнадцатого года.

Правильность и аутентичность текста рецензии с казахского языка сверен с текстом на латинском языке переводчиком Рыскуловой Асией Азатбековной.

Диплом о высшем образовании ЖБ № 0698266 от 29 мая 2014 года.

Рыскулова Асия Азатбековна

05 ноября 2016 года. Я, Элібек Нұржанбек Бақытжанұлы, нотариус нотариального округа Алматинской области, лицензия №14011840 выданная 15.08.2014 года Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи МЮ РК . Свидетельствую подлинность подписи переводчика Рыскуловой Асии Азатбековной. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.



Зарегистрировано в реестре за № 636.
Оплачено: согласно ст.536 НК РК.
ст. 30-1 Закона «О Нотариате».
Нотариус

